

№1 педагогикалық кеңестің хаттамасы

2022 жылғы

31 тамыз

Шымкент

қаласы

Қатысқандар: 6

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы»

Күн тәртібінде:

1. ЖШС «Әмір ата» балабақшасының 2022-2023 оқу жылының жоспарын бекіту

Меңгеруші Ильясова Ж.Қ.

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыруда әдістемелік ұсынымдар.

Меңгеруші Ильясова Ж.Қ.

3. Топтардың ұйымдастырылған оқу кестесі мен күн тәртібін бекіту.

Әдіскер Ильясова Ж.Қ.

4. Жаңа оқу жылына топтардың дайындығы.

Әдіскер Ильясова Ж.Қ.

5. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы.

Тәрбиешілер, педагогтар

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі Ильясова Ж.Қ. сөз алды, ол барлық қызметкерлерді жаңа оқу жылы-мен құттықтап, жаңа оқу жылына жаңа табыстарға жете беруді тіледі. Ол биылғы жылдық жоспардағы өзгерістерді толық түсіндіріп өтіп, жоспарды бекітті.

Екінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі Ильясова Ж.Қ. педагогикалық ұжымға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыруда әдістемелік

ұсынымдар өткізді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Бөбекжай-бақша қызметкерлерінің жұмыс кестесі, лауазымдық міндеттері бекітілсін.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер Ильясова Ж.Қ.

педагогикалық ұжымды нормативтік құжаттармен , мемлекеттік жалпыға білім беру стандартымен, мектепке дейінгі үлгілік оқу жоспарымен, әдістемелік нұсқаулық хатпен толық таныстырып, толық мәлімет берді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Топтар жаңа оқу жылына дайын деп мақұлдансын.

Төртінші мәселе бойынша Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы бойынша әдіскер Ильясова Ж.Қ. сөз сөйледі. Ол топтардағы заттық-кеңестік дамытушы орта жас ерекшеліктеріне сай жабдықталғанын, сонымен қатар бес білім беру саласы бағыты, ойын материалдары жаңаланғанын және жаңа оқу жылына перспективалық жоспар апталық циклограмма әдістемелік нұсқаулық хатта ұсынылғандай түзіліп жазылғанын айтты.

Меңгеруші

Хатшы



Ильясова Ж.Қ.

Рахимова Б.К.

№ 2 педагогикалық кеңестің хаттамасы

2023 жылғы
27 қаңтар
Қатысқандар : 6

Шымкент
қаласы

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: «Театр әрекеті арқылы балалардың тілдерін дамыту»

Мақсаты: *Театр әрекеті арқылы мектепке дейінгі балалардың тілдерін дамыту. Тәрбиешілердің осы саладағы біліктіліктерін арттырады.*

1. Театр әрекетінің педагогикалық мәні. (Баяндама)

Тәрбиеші Рахимова Б.К.

2. **Тақырыптық тексеру қорытындысы:** Балалардың танымдық белсенділігін арттыруда ортаңғы топтарындағы сюжетті-рольдік ойынның орындалуы

Әдіскер Ильясова Ж.Қ.

3. **Баяндама:** Мектепалды топтар «Ертегі ойдан шығару» балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту

Тәрбиеші Жакипова М.Г.

5. Педкеңес қорытындысы, шешім қабылдау.

Әдіскер Ильясова Ж.Қ.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша тәрбиеші Рахимова Б.К. сөз алды, ол «Театр әрекетінің педагогикалық мәні» тақырыбында баяндама жасады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Баяндама мазмұнды жазылған.

ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша әдіскер Ильясова Ж.Қ. сөз алды. Ол «Балалардың танымдық белсенділігін арттыруда ортаңғы топтарындағы сюжетті-рольдік ойынның орындалуы» тақырыбында жазылған тақырыптық тексеру қорытындысы бойынша сюжетті-рольдік ойындарды ұйымдастыру жүйелі және сапалықты қажет етеді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1 Сюжетті-рольдік ойындарды жүйелі және сапалы ұйымдастыру

ТЫҢДАЛДЫ:

Үшінші мәселе бойынша «Мектепалды тобы «Ертегі ойдан шығару» балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту» тақырыбында тәрбиеші Жакипова М.Г. баяндама оқыды. Ол қиялды дамыту бойынша тәжірибе бөлісті.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

тәрбиеші Жакипова М.Г. Баяндамасы «Ертегі ойдан шығару» тақырыбында жазылған баяндамасы маңызды, әдістемелік бөлмеге жас мамандарға көмек ретінде қойылсын.

Меңгеруші

Хатшы



Ильясова Ж.Қ.

Рахимова Б.К.

№ 3 педагогикалық кеңестің хаттамасы

2023 жылғы

30 мамыр

Қатысқандар : 6

Шымкент

қаласы

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: «2022-2023 оқу жылының қорытындылары».

Мақсаты: балабақшаның оқу-тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, келесі оқу жылының жұмыс бағытын белгілеу.

1. ЖШС «Әмір ата» балабақшасының 2022-2023 оқу жылындағы жұмысының қорытындысы.

Меңгеруші Ильясова Ж.Қ.

2. Тәрбиешілер, музыка жетекшісі 2022-2023 оқу жылындағы балалардың білім-білік деңгейін анықтау индикатор қорытындысы.

Тәрбиешікер, музыка жетекшісі

3. Іскерлік ойын. «Ой мен ойын»

Тәрбиеші Рахимова Б.К.

4. Жазғы сауықтыру жұмысының іс-шараларын бекіту.

Меңгеруші Ильясова Ж.Қ.

Тыңдалды:

Бірінші сұрақ бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі Ильясова Ж.Қ. 2022-2023 оқу жылына бақша ұжымының жұмысына қорытынды жасады. 2022-2023 оқу жылында қыркүйек айынан бастап мамыр айын қоса алғанда көптеген іс-шаралар өтілді. Қалалық, республикалық деңгейдегі байқауларға қатысып, жүлделі орынға ие болдық. Көптеген педагог мамандар біліктілігін арттыру курстарына барып, білімдерін жетілдірді. Жалпы айтқанда 2022-2023 оқу жылының жұмыс қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін.

Қаулы етті:

2022-2023 оқу жылының ұжым жұмысы қанағаттанарлық деп саналсын.

Тыңдалды:

Екінші сұрақ бойынша педагог мамандар өз есептерін оқыды. Жыл бойы атқарған жұмыстары жайлы оқу жылына қойған мақсаттары мен міндеттерін, жеткен жетістіктерін айтып бөлісті. Тәрбиешілер, музыка жетекшісі 2022-2023 оқу жылындағы балалардың білім-білік деңгейін анықтау индикатор қорытындысы бойынша есеп берді.

Сөз сөйлегендер:

Тәрбиеші Жакипова М.Г. тар көлемдегі педагог мамандар өз жұмыстарын жақсы атқарды деп, өз алғысын білдірді.

Қаулы етті:

Мамандардың есептері қанағаттанарлық деп есептелсін.

Тыңдалды:

Үшінші сұрақ бойынша тәрбиеші Рахимова Б.К. іскерлік ойын «Ой мен ойын» өткізді.

Қаулы етті:

Іскерлік ойын жақсы өтті деп саналсын.

Тыңдалды:

Төртінші сұрақ бойынша меңгеруші Жазғы сауықтыру жұмысының іс-шараларын бекітуді ұсынды.

Қаулы: бір ауыздан бекітілді.

Меңгеруші

Хатшы



Ильясова Ж.Қ.

Рахимова Б.К.